

Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (2-кезең)" жобасын дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатқа қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы N 195 Жарлығы "Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 30 мамырдағы Заңына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (2-кезең)" жобасын дайындауға грант бөлу туралы келісім-хаттың жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ахметжан Смағұлұлы Есімовке Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (2-кезең)" жобасын дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатқа қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

РҚАО-ның ескертуі. Келісім-хаттың жобасы РҚАО-ға ұсынылмаған.